

## Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 қазандығы N 122 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3940. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 263 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

1. Қоса берілп отырған Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесі бекітілсін.
  2. Осы қаулы 2005 жылғы 18 желтоқсаннан бастап қолданысқа енеді.
  3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):
    - 1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;
    - 2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мұдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктеге жіберсін.
  4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін шаралар қабылдасын.
  5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

Y L T T YI K B a H K

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
статистика жөніндегі Агенттігі  
Т ө р а ғ а

18 қазан 2005 жыл

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
Сауда және индустрия  
министрлігі  
Бірінші Вице-Министр

4 қараша 2005 жыл

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
Каржы министрлігі  
Министр

12 қараша 2005 жыл

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрлігі  
Министр

2 қараша 2005 жыл

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрлігі  
Бірінші Вице-Министр

27 қазан 2005 жыл

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2005 жылғы 14 қазандары  
N 122 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің жүзеге  
асыратын резидент еместердің валюта операцияларының  
мониторингін жүзеге асуру ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі", "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Зандарына

сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің валюта операцияларының мониторингін (бұдан әрі - валюта мониторингі) жүзеге асыру және валюта мониторингі объектілерінің валюта операциялары бойынша ақпараттық базаны қалыптастыру тәртібін белгілейді.

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ереженің мақсаты үшін "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бас компания - Қазақстан Республикасының аумағында филиалы (өкілдігі)  
бар р е з и д е н т е м е с заңды тұлға;

2) шарт - келісім, келісім-шарт, оларға өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ негізінде және (немесе) орындау үшін валюта операциялары жүзеге асырылатын өзге құжаттар;

3) т а п с ы р ы с б е р у ш і :

тауарлар, қызмет көрсетулер (жұмыстар) сатып алуға шарт жасаған жеке немесе заңды тұлға, оның филиалы (өкілдігі);

бас компанияның бас компания жасаған шарттар бойынша тауарлар, қызмет көрсетулер (жұмыс) сатып алған филиалы (өкілдігі);

қосалқы мердігермен жасалған шарт бойынша мердігер;  
қ ұ з ы р е т т і о р г а н ;

4) кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі бойынша коды (бұдан әрі - КҰЖЖ коды) - статистика жөніндегі уәкілетті орган кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісіне сәйкес заңды тұлғаларға, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне берген бірегейлендіру коды;

4-1) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) – заңды тұлға (филиал мен өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4-2) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) – жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

5) құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған және келісім-шарттарды жасауға және орындауға байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының атынан іс-әрекет жасайтын мемлекеттік о р г а н ;

6) оператор - құзыретті органмен жасалған өнімді бөлу туралы келісім бойынша жұмысты орындау үшін мердігер тартқан немесе құрган заңды тұлға,

занды тұлғаның филиалы (өкілдігі);  
7) м е р д і г е р :

осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген қызмет көрсетулерді (жұмысты)  
орындау үшін тапсырыс берушімен шарт жасаған жеке немесе занды тұлға, оның  
ф и л и а л ы ( ө к і л д і г і ) ;

бас компанияның бас компания мен тапсырыс беруші арасында жасалған  
шарт бойынша осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген қызмет көрсетулерді ( жұмысты )  
орындайтын филиалы ( өкілдігі );

о п е р а т о р ;

8) ж е т к і з у ш і :

м е р д і г е р ;

қ о с а л қ ы м е р д і г е р ;

тұлғаның филиалы ( өкілдігі );

өз атынан немесе бас компаниямен жасалған шарт бойынша осы Ереженің 2-  
тармағында көрсетілмеген қызмет көрсетулерді ( жұмысты ) орындайтын жеке  
немесе занды тұлға, занды тұлғаның филиалы ( өкілдігі );

бас компанияның бас компаниямен жасалған шарт бойынша осы Ереженің 2-  
тармағында көрсетілмеген қызмет көрсетулерді ( жұмысты ) орындайтын филиалы  
( ө к і л д і г і ) ;

9) жоба - бас компания мен тапсырыс беруші, тапсырыс беруші мен мердігер,  
тапсырыс беруші мен жеткізуши, мердігер мен жеткізуши, қосалқы мердігер мен  
жеткізуши арасында жасалған шартқа сәйкес орындауға тиісті қызмет  
көрсетулердің ( жұмыстың ) көлемі;

10) валюта мониторингінің респонденті - валюта мониторингінің жүйелі  
негізде осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген мәліметтер мен есептілікті  
б і л д і р е т і н объектісі ;

11) қ о с а л қ ы м е р д і г е р :

мердігермен мердігердің міндеттемелерінің қандай да болмасын бөлігін  
орындау туралы шарт жасаған жеке немесе занды тұлға, оның филиалы ( өкілдігі )  
;

мердігердің бас компаниямен жасаған шарты бойынша мердігердің  
міндеттемелерінің қандай да болмасын бөлігін орындайтын занды тұлғаның  
ф и л и а л ы ( ө к і л д і г і ) .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.**

2. Валюта мониторингі респонденттерінің тізбесін Ұлттық Банк осы Ереженің  
4, 5-тармақтарында көзделген тәртіппен қалыптастырады.

Валюта мониторингі респонденттерінің тізбесіне Қазақстан  
Республикасының аумағында жұмыс істейтін және мынадай қызмет түрлерін

жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері)  
к і р е д і :

шикі мұнай, табиғи газ және ілеспе газ өндіру;

құрылымдардың қызметтері;

пайдалы кен қазбаларын өндіруге байланысты қызмет көрсетулер; архитектуралық, инженерлік және басқа да техникалық қызмет көрсетулер; ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибе-конструкторлық әзірлеулер.

3. Валюта мониторингі бойынша ақпараттық база валюта мониторингінің объектілері осы Ереженің 2-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынатын мәліметтер мен есептілік (осы Ереженің 1- 6-қосымшалары) негізінде қалыптастырылады.

## 2-тарау. Валюта мониторингін жүзеге асыру тәртібі

4. Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істеген резидент емес заңды тұлғалардың барлық филиалдары (өкілдіктері) Ұлттық Банктен сұрату алған күннен бастап он күннен кешіктірмей осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша мәліметтер ұсынады.

Ұлттық Банк ұсынылған ақпарат негізінде валюта мониторингі респонденттерінің тізбесін қалыптастырады.

5. Ұлттық Банк осы Ереженің 4-тармағына сәйкес ақпарат ұсынылған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей резидент емес заңды тұлғалардың филиалын (өкілдігін) мәліметтердің тиісті оның осы тізбеке енгізілгені және мәліметтер мен есептіліктің тиісті нысандарын ұсыну қажеттілігін хабардар етеді.

6. Осы Ереженің 1-қосымшасының А бөлігінде көзделген деректемелер мен көрсеткіштер өзгерген жағдайда валюта мониторингінің респонденттері бұл туралы осындағы өзгерістер енгізілген күннен бастап отыз күннен кешіктірмей Ұлттық Банкке хабарлайды.

7. Осы Ереженің 2-6-тармақтарында белгіленген нысандар бойынша мәліметтер мен есептілікті валюта мониторингінің респонденттері мынадай м е р з і м д е р д е ү с ы н а д ы :

1) 2-қосымша бойынша - жыл сайын, ағымдағы жылдың 5-сәуіріне дейін;

2) 3 және 4-қосымшалар бойынша - тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі келесі айдын 20-на дейін;

3) 5-қосымша бойынша - жылдан 2 рет, ағымдағы жылдың 1 наурызына және 1 қыркүйегіне дейін;

4) 6-қосымша бойынша - тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі келесі айдын 20-на дейін.

8. Осы Ереженің 4, 6, 7-тармақтарына сәйкес мәліметтер мен есептілік Ұлттық Банктің филиалына (бөлімшесіне) валюта мониторингі объектісінің орналасқан жері бойынша ұсынылады.

9. Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істеген резидент емес заңды тұлғалардың барлық филиалдары (өкілдіктері) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша ұсынылған мәліметтер мен есептіліктің шынайылығын тексеру үшін қажетті құжаттарды (филиал (өкілдік) туралы ереженің, шарттардың, шот-фактуралардың, қабылдау-өткізу актілерінің, төлем тапсырмаларының, бухгалтерлік баланстың, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижесі туралы есептің, ақша қозғалысы туралы есептің, кірістер мен шегерімдер туралы есептің, амортизациялық аударымдар, жөндеу шығыстары және белгіленген активтер бойынша басқа шегерімдер туралы есептің көшірмелерін) ұсынады.

10. Ұлттық Банк ағымдағы жылдың 10 қантарынан бастап 10 шілдесіне дейін статистика жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан астам жұмыс істеген резидент емес заңды тұлғалардың барлық филиалдарының (өкілдіктерінің) валюта мониторингі бойынша ақпараттық базадан ағымдағы жылдың 1 қантарындағы және 1 шілдесіндегі жағдай бойынша деректерді (осы Ереженің 1-қосымшасының А бөлігі) ұсынады.

### **3-тaraу. Қорытынды ережелер**

11. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басталады.

12. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан	Республикасының	
аумағында	қызметтің	жүзеге
асыратын	резидент	еместердің
валюта	операцияларының	
мониторингін	жүзеге	асыру
ережесіне 1-қосымша		

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.**

**Бас компанияның филиалы (өкілдігі)**  
**туралы мәліметтер**

---

## **филиалдың (өкілдіктің) атауы**

А бөлігі. Жалпы мәліметтер

1. КҮЖЖ коды \_\_\_\_\_

1-1. БСН (бар болса) \_\_\_\_\_

2. Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің тіркеу нөмірі (бұдан  
е р і - С Т Н )

3. Басшы \_\_\_\_\_ ( а т ы - ж ө н і )

4. Нақты мекен-жайы \_\_\_\_\_

телефоны факсы \_\_\_\_\_ e-mail \_\_\_\_\_

5. Қазақстан Республикасындағы қызмет көрсететін банкі (банктері)

6. Бас компанияның атауы және тіркелген елі

7. Бас компания құрылтайшыларының және/немесе акционерлерінің  
атауы, тіркелген елі және жарғылық капиталдағы үлесі (пайызбен)

8. Бас компания филиалының (өкілдігінің) Қазақстан Республикасында  
есепке алынып тіркелген күні \_\_\_\_\_

9. Қызмет түрі \_\_\_\_\_

(Филиал (өкілдік) туралы ережеге сәйкес көрсетіледі)

10. Жұмыс істейтіндер саны (адам) \_\_\_\_\_ оның ішінде: резидент еместер \_\_\_\_\_

Б бөлігі. Өндірістік-қаржылық қызметтің жекелеген көрсеткіштері

МИЛЛИОН ТЕНГЕМЕН

N	Көрсеткіштің атауы	Сомасы
1.	<b>1. Тауарлар</b>	
2.	1.1. Өндірілген тауар көлемі	
3.	1.2. Откізілген тауар көлемі	
4.	1.3. Сатып алынған тауар көлемі	
5.	<b>2. Қызмет көрсетулер</b>	
6.	2.1. Өндірілген қызмет көрсету (жұмыс) көлемі	

7.	2.2. Откізілген қызмет көрсету (жұмыс) көлемі	
8.	2.3. Сатып алған қызмет көрсету (жұмыс) көлемі	
9.	<b>3. Сыртқы активтер</b>	
10.	3.1. Резидент еместердің тауарлар (қызмет көрсетулер, жұмыс) жеткізуге байланысты дебиторлық берешегі	
11.	3.2. Қолма-қол нысандағы және шетел банктеріндегі шоттардағы шетел валютасы	
12.	3.3. Резидент еместерге басқа да талаптар	
13.	<b>4. Сыртқы міндеттемелер</b>	
14.	4.1. Резидент еместерден қаржылық заемдар	
15.	4.2. Резидент еместер алдындағы тауарлар (қызмет көрсетулер, жұмыс) жеткізуге байланысты кредиторлық берешек	
16.	4.3. Резидент еместер алдындағы басқа да міндеттемелер	

Басшы \_\_\_\_\_ (қолы)

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

## **1-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

А бөлігінің 7-тармағында дауыс беретін акциялардың немесе қатысуышылар дауыстарының кемінде 10% (он пайызын) иеленген құрылтайшылар және/немесе ақционерлер көрсетіледі.

Б бөлігінде филиалдың (өкілдіктің) есептік жылдағы операцияларының нәтижелері көрсетіледі. Бұл ретте 1 және 2-тараулардың көрсеткіштері жыл қорытындысы бойынша көрсетіледі, 3 және 4-тараулардың көрсеткіштері жыл соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі. 1.3-көрсеткішке шикізат пен материалдар шығындары, сатып алған жиынтықтаушы бұйымдар, жартылай фабрикаттар, қосалқы материалдар, отын және энергия кіреді. 2.3-көрсеткішке өндірістік және өндірістік емес сипаттағы, тысқары үйымдар орындаған қызмет көрсетулер (жұмыс) кіреді.

Қазақстан аумағында асыратын валюта мониторингін ережесіне 2-қосымша	Республикасының қызметін операцияларының жүзеге жүзеге асыру	резидент еместердің
---	---	------------------------

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.**

**Қазақстан Республикасында бас компания филиалының (өкілдігінің)  
қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар туралы мәліметтер**

бас компания филиалының (өкілдігінің) атавы

К Ү Ж Ж

к о д ы

БСН (бар болса)

1-бөлік. Объектілер құрылышы

№	Объектінің атавы	Объект орналаскан жер	Тапсырыс беруші			Жоба қолданылатын мерзім	
			Атауы	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	басталған күні	аяқталған күні
A	1	2	3	4	5	6	7

2-бөлік. Қызмет көрсетулердің (жұмыстардың) орындалуы

№	Жұмыстың (қызмет көрсетудің) атавы	Жоба жүзеге асырылатын орын	Тапсырыс беруші			Жоба қолданылатын мерзім	
			Атауы	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	басталған күні	аяқталған күні
A	1	2	3	4	5	6	7

3-бөлік. Мердігерлер және қосалқы мердігерлер

№	Мердігер (косалқы мердігер)			Мердігер (косалқы мердігер) тіркелген ел	Мердігер (косалқы мердігер) орындаитын қызмет көрсетудің (жұмыстың) атавы
	Атауы	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)		
A	1	2	3	4	5

Басшы

( к о л ы )

Орындаушы  
(аты-жөні, телефоны)

20\_\_ жылғы «\_\_»

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.

**20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсандағы  
жобаларды жүзеге асыру туралы есеп**

бас компания филиалының (өкілдігінің) атауы

**К Ү Ж Ж к о д ы**

**БСН (бар болса)**

**1-бөлік. Тауарларды сатып алу және сату**  
мың АҚШ долларымен

N	Көрсеткіштің атауы	Жолдың коды	Құны
1.	Шетелдегі тікелей инвесторлардан алынған жабдық	10	
2.	Шетелдегі тікелей инвесторлардан алынған басқа тауарлар	11	
3.	Жабдықты шетелдегі тікелей инвесторларға кайтару	20	
4.	Басқа тауарларды шетелдегі тікелей инвесторларға қайтару	21	
5.	Қазақстан Республикасының резиденттерінен тауарлар сатып алу	30	
6.	Үшінші елдердің резиденттерінен тауарлар сатып алу (Қазақстан Республикасын және бас компанияның резиденттігі елін қоспағанда)	40	
7.	Тауарларды экспортқа өткізу	41	

**2-бөлік. Қызмет көрсетулерді орындау**  
мың АҚШ долларымен

№	Операцияны сипаттау	Қызмет көрсету түрінің коды	Тапсырыс беруші				Сомасы
			атауы	ел	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	
A	1	2	3	4	5	6	7
	Жиынтығы:						

**3-бөлік. Қызмет көрсетулерді сатып алу**  
мың АҚШ долларымен

№	Операцияны сипаттау	Қызмет көрсету түрінің коды	Жеткізуши				Сомасы
			атауы	ел	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	
A	1	2	3	4	5	6	7
	Жиынтығы:						

**4-бөлік. Еңбекке ақы төлеу**  
мың АҚШ долларымен

N	Жолдың коды	Көрсеткіштің атауы	Сомасы
1.	50	Резидент қызметшілерге және жұмысшыларға төленген жалақы	

2.	60	Резидент емес қызметшілерге және жұмысшыларға төленген жалақы, барлығы
3.		оның ішінде елдер бойынша:

## 5-бөлік. Жекелеген қаржылық көрсеткіштер

М Ы Н

## АҚШ долларымен

N	Көрсеткіштің атауы	Жолдың коды	Сомасы
1.	Кезең сонындағы тауар-материалдық қорлар	70	
2.	Жабдықтың кезеңдегі амортизациясы	80	
3.	Кезең ішінде өндірілген өнімнің (орындалған жұмыстың) жиынтық құны	90	
4.	Филиал (өкілдік) қызметінен алынған таза кіріс (шығын)	100	
5.	Қазақстан Республикасының бюджетіне ұсталған салық	110	
6.	Филиал (өкілдік) қызметінен бас компанияның шотына аударылған кіріс:		
7.	резидент тапсырыс берушілер	120	
8.	резидент емес тапсырыс берушілер	130	

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, телефоны)

200 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

### **3-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

Осы қосымшада жобаларды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру туралы есептік деректер көрсетіледі.

Осы қосымшаны толтыру мақсатында тікелей инвесторларға мыналар жатады

б а с к о м п а н и я ;  
бас компанияның шетелдегі құрылымдық бөлімшесі;

бас компанияның дауыс беретін акциялардың немесе қатысушылар даусының кемінде 10% (он пайзысын) иеленген құрылтайшылары және/немесе акционерлері

Тауарлар мен қызмет көрсетулер бойынша операциялар нақты ақы төлеу уақыты бойынша емес, олардың жүзеге асырылу мерзімі (тауарды нақты жеткізу, қызметті нақты көрсету) бойынша көрсетіледі. Бұл ретте тауарларды Қазақстан Республикасында ресімдеу күні, ал тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы орын ауыстыруы көзделмейтін және Қазақстан

Республикасында тиісті кедендік ресімдеу талап етілмейтін шарттар бойынша тауарды шарттың талаптарына сәйкес өткізу күні тауар экспортның/импорттың күні саналады. Орындалған қызмет көрсетулерді (жұмысты) қабылдау актісіне қол қойылған күн нақты қызмет көрсету (жұмысты орындау) күні болып табылады. Егер шартта орындалған қызмет көрсетулерді (жұмысты) қабылдау актісін көзделмесе, қызмет көрсетілген күн ретінде шот-фактураны ұсынған **кунді санаған дұрыс.**

Барлық операциялар мың АҚШ долларымен көрсетіледі. Шетел валютасындағы және теңгедегі өзге операциялар операция жасалған күнгі бухгалтерлік есепке алу мақсатында қабылданған валюта айырбастау бағамы ескеріле отырып АҚШ долларына аударылады.

1-бөліктегі жобаларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын тауарларды сатып алу туралы мәліметтер көрсетіледі.

2-бөліктегі жобаларды жүзеге асыру шенберінде қызмет көрсетудің (жұмыстың) орындалуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

3-бөліктегі жобаларды жүзеге асыру үшін сатып алынған қызмет көрсетулер (жұмыс) туралы мәліметтер көрсетіледі.

## 2 және 3 - бөліктегі:

2-бағанда орындалған қызмет көрсетулерді (жұмысты) қабылдау актілеріне немесе шот-фактураларындағы төлем мақсатына сәйкес қызмет көрсетулер (жұмыс) бойынша жасалған операциялардың сипаты көрсетіледі.

3-бағанда көрсетілген қызмет көрсетулер (жұмыс) түрінің коды қызмет көрсетулердің жіктеуіне сәйкес қойылады (1-кесте).

4-бөліктегі резиденттер мен резидент еместер қызметкерлерінің бір тоқсан үшін есептелген жалақысы көрсетіледі. Бұл ретте резидент қызметкерлерге Қазақстан Республикасының азаматтары, вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шетелдік қызметкерлерді қоспағанда, бір жыл және одан көп мерзімге жұмысқа жалданған шетелдік қызметкерлер жатады. Резидент емес қызметкерлерге бір жылдан аз мерзімге жұмысқа қабылданған шетелдік қызметкерлер және вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шетелдік қызметкерлер жатады.

5-бөліктің 120 және 130 жолдары бойынша филиалдың (өкілдіктің) жүзеге асырылатын жобалар бойынша, жобаның тапсырыс берушілері филиалдың (өкілдіктің) шетелдік және Қазақстан банктеріндегі шоттарын қоспағанда, бас компанияның шотына тікелей аударылған кірістері көрсетіледі.

### 1-кесте

#### **Қызмет көрсетулерді жіктеу**

N	Қызмет көрсетулер түрлері	Қызмет көрсетулер түрінің коды

1.	Құрылыс қызмет көрсетулері құрылыс келісім-шарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын, құрылыс участкесін дайындау, объектілер салу, құрастырылмалы құрылғылар мен жабдықтарды құрастыру кіретін барлық тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтиды. Су үнгіларын бұргылау және салу және құрылыс және бұзу жабдығын оператордың жалдауы, құрылыс жөндеу жұмыстары сияқты басқа құрылыс қызмет көрсетулері кіреді.	200
2.	Каржылық қызмет көрсетулерге қаржылық мәмілелер жөніндегі дедалдардың комиссиялық сыйакылары (кредиттер мен несиeler бойынша комиссиялық сыйакы, банктердің қызметтері және басқалары) және қаржылық консультациялар сияқты басқа қосалқы қаржылық қызмет көрсетулер кіреді. Депозиттер, кредиттер, несиeler және заемдар бойынша пайыздар қаржылық қызмет көрсетулерге кірмейді.	201
3.	Сақтандыру қызметтері сақтандыру компанияларының әртүрлі сақтандыру қызметін көрсету түрлерімен қамтамасыз етуді, сондай-ақ сақтандыру агенттерінің комиссиялары, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі консультациялар сияқты сақтандыру жөніндегі қосымша қызмет көрсетуді қамтиды.	202
4.	<p>Компьютерлік қызмет көрсетуге компьютер жабдығына және бағдарламалық қамтамасыз етуге байланысты қызмет көрсетулер және деректерді өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер кіреді. Компьютер жабдығы және бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша консультациялық қызмет көрсетулер, оларды орнату жөніндегі қызмет көрсетулер; компьютерлерді және сыртқы қондырғыларды ұстау мен жөндеу; жүйелерді талдау, дизайны және бағдарламалау; деректер базасын әзірлеу және сактау; жекелеген пайдаланушылардың тапсырысы бойынша жасалған операциялық жүйелерді қоса алғанда тапсырыс берілген бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; мазмұны және оқыту сияқты басқа ілеспе қызмет көрсетулер; деректерді өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер; компьютер жабдығын басқару кіреді. Тапсырыспен бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету электрондық байланыс арналарымен (электрондық поштамен) жеткізілген жағдайда ғана компьютерлік қызмет көрсетулерде көрсетіледі.</p> <p>Тапсырыс берушіге электрондық тасымалдауыштармен (дискеталармен немесе дискілермен) жеткізілген немесе компьютерлік жабдықтың бөлігі және мамандандырылмаған компьютерлік оқыту курстары ретіндегі оралған (тапсырыс бойынша емес) және тапсырыс берілген бағдарламалық қамтамасыз ету (жеке тұлғаларға қызмет көрсетулер) ұсынылмайды.</p>	203
5.	Ақпараттық қызмет көрсетулерге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңалықтар, фотографиялар және мақалалар беру, деректер базасының қызметтері, мерзімдік басылымдарға тікелей жазылу кіреді.	204
6.	Роялти және лицензиялық төлемдер - сауда маркаларын, фирмалық атауын, патенттерді, авторлық құқықты, технологиялық процестерді және басқа материалдық емес активтерді және меншік құқығын заңды пайдаланғаны, сондай-ақ лицензиялық келісімдер негізінде шығарылған түпнұсқалар мен прототиптерді компьютерлік бағдарламалар, кинематографиялық жұмыстар және дыбыс жазу сияқты) пайдаланғаны үшін төлемдер. Егер бағдарламалық өнім электрондық байланыс арналары арқылы жеткізілсе, лицензиялық келісімдер арқылы сатып алынған компьютерлік бағдарламаны пайдалану құқығы роялтиде және лицензиялық төлемдерде көрсетіледі.	205
7.	Операциялық лизинг - жабдықты қызметкерлерсіз жалдау, көлік құралдарын экипажсыз жалдау. Қаржы лизингі, телекоммуникациялық желілерді немесе	206

	куат көздерін (телеқоммуникациялық қызмет көрсетулер), көлік құралдарын еkipажымен жалдау (жүк немесе жолаушылар тасымалдау) енгізілмейді.	
8.	Жылжымайтын мұлікті жалдау - жер участелерін, үйлерді, ғимараттарды немесе басқа жылжымайтын мұлікті жалдау.	207
9.	Тауарларды күрделі және ағымдағы жөндеу - құрылымы жөндеуді, компьютер жөндеуді және мұнай мен газ ұнғыларын жөндеуді қоспағанда кез келген тауарды жөндеу. Тауарларға техникалық қызмет көрсету сәулет, инженерлік және басқа да техникалық қызмет көрсетулерде көрсетіледі. Көлік кәсіпорындарының көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуі (мысалы, әуежайлардағы техникалық қызмет көрсету) қосалқы көлік қызмет көрсетулеріне жатады.	208
10.	Заң қызметін көрсету - заң қеңесі мен консультациялары; заң, сот және заң шығару процестерде қызмет көрсету; фирмаларға жедел көмек көрсету; заң құжаттамаларын дайындау; арбитраж қызметін көрсету және т.с.	209
11.	Бухгалтерлік, аудиторлық қызмет көрсету - бухгалтерлік есеп, есепшілік, аудит және салық салу қаржылық есептілік жасау бойынша консультациялық қызмет көрсету.	210
12.	Бизнес және басқару консультациясы бойынша қызмет көрсету - басқару саласындағы қызмет көрсетулер; жалпы басқару консультациялары, қаржы менеджменті, кадр менеджменті, өндіріс менеджменті және басқа басқару консультациялары; саясат және стратегия бизнесі мәселелеріндегі консультациялар, басшылық және жедел көмек; жүртшылықпен байланыс жөніндегі қызмет көрсетулер. Құрылым жобасын басқару (сәулет, инженерлік және басқа да техникалық қызмет көрсетулер) қосылмайды.	211
13.	Жарнама және нарық конъюнктурсын зерттеу саласындағы қызмет көрсетулер - жарнама агенттігі арқылы жарнама жобалау, жарнама жасау және маркетингі ; жарнама уақытын сатып алу мен сатуды қоса алғанда бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама орналастыру; көрме және сауда жәрменкелерін үйімдастыру; тауарды шетелде жарнамалау; маркетингтік зерттеулер; әртүрлі мәселелер бойынша қоғамдық пікір сұрау.	212
14.	Ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибе-конструкторлық әзірлеулер - түбебейлі зерттеулер, қолданбалы зерттеу, бұйымдар мен технологиялардың жаңа түрлерін тәжірибелік әзірлеулер; техникалық жаңа енгізілмелерді білдіретін операциялық жүйелерді әзірлеу.	213
15.	Сәулет, инженерлік және басқа да техникалық қызмет көрсетулер - сәулет және құрылым жобаларын әзірлеу, құрылым жобаларын басқару; геологиялық барлау және зерттеу, картография; метеорологиялық қызмет көрсетулер; сапаны тексеру және сертификаттау, техникалық сынау және талдау, техникалық бақылау; инженерлік консультациялар және қоршаган орта бойынша консультациялар. Кен өндіру инженериясы мұнда енгізілмейді, ал пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызмет көрсетулерде көрсетіледі.	214
16.	Қалдықтарды қайта өндеу және тазалау - радиоактивті және басқа қалдықтарды қайта өндеу; ластанған топырақты және ағынды суды тазалау; мұнай қалдықтарын қоса алғанда ластануды тазалау; кен өндіру орындарын қалпына келтіру; тазалау және санитарлық қызмет көрсетулер. Сондай-ақ қоршаган ортаны тазалауға және қайта жаңғыртуға байланысты барлық қызмет көрсетулер кіреді.	215
17.	Пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызмет көрсетулер - бұргылауды, бұрғылау мұнараларды салуды, жөндеуді және бұзуды, мұнай және газ	216

	ұнғыларын цементтеуді коса алғанда мұнай, газ және басқа пайдалы казбаларды өндірге байланысты қызмет көрсетулер; кен өндіру инженериясы .	
18.	Кадрларды оқыту және даярлау - қызметкерлерді қесіби оқыту және біліктілігін арттыру. Шет тілдерін оқыту, мектепте, ЖОО-да және басқа жерде оқыту үшін ақы төлеу (жеке тұлғаларға қызмет көрсету) қосылмайды.	217
19.	Медициналық қызмет көрсету - қызметкерлерге олардың қесіби қызметтерін жүзеге асыруға байланысты медициналық қызмет көрсету. Емделу және санатория қызметі үшін ақы төлеу (жеке тұлғаларға қызмет көрсету) қосылмайды.	218
20.	Сыртқы сауда қызметтері - қаржы делдалдарының (қаржылық қызмет көрсетулерді) және көліктегі агенттердің (қосымша көлік қызмет көрсетулері) комиссияларын қоспағанда тауарлармен және қызмет көрсетулермен сыртқы сауда мәмілелері жөніндегі агенттердің комиссиялық сыйақысы.	219
21.	Басқа да қызмет көрсетулер - кадрлар іріктеу, кузет, ауызша және жазбаша аударма, фотографиялық қызмет көрсетулер, үй-жайларды жинау, тамактануды ұйымдастыру, риэлтерлік қызмет көрсетулер және жоғарыда аталған қызмет көрсетулерге енгізілген басқа іскерлік қызмет көрсетулер.	220
22.	Жүк тасымалдау - көлік қесіпорындарының экспорттық және импорттық жүктөр тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулері.	221
23.	Жолаушы тасымалдау - көлік қесіпорындарының жолаушыларды чартерлік рейстермен (билет сатып алмай) тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулері.	222
24.	Қосалқы көлік қызмет көрсетулері - тиеу-түсіру жұмыстары, сақтау және коймаға салу, орау, көлік құралдарына қосалқы қызмет көрсету, сондай-ақ агенттердің жүк және жолаушы тасымалдауға байланысты комиссиялық сыйақылары кіреді. Қосалқы көлік қызмет көрсетулеріне тасымалдау (жүк немесе жолаушы тасымалдау) құны кірмейді.	223
25.	Байланыс қызметі - пошта қызметі, курьерлік қызмет көрсету және телекоммуникациялық қызмет көрсетулер кіреді. Телекоммуникациялық қызмет көрсетулер дыбысты, бейнені немесе басқа ақпаратты телефон, телетайп, телеграф, радио тарату, спутниктік байланыс, электрондық пошта, факс көмегімен өткізуді қамтиды. Іскерлік желілік қызмет көрсету, телеконференциялар және ілеспе қызмет көрсетулер кіреді. Оларға өткізілетін ақпараттың құны кірмейді. Сондай-ақ интернет және желіге кіру кіреді. Телефон желісін (құрылыш қызметтері), деректер базасының және компьютерлік қызмет көрсетулерімен байланысты кіру және деректер базасының ақпаратын пайдалану қызметтері кіреді.	224
26.	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету және мәдениет және демалыс саласында қызмет көрсету - білім беру және сауықтыру қызмет көрсетулері, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулер, актерлер мен режиссерлердің қаламақылары және мәдениет және демалыс саласындағы басқа қызмет көрсетулер кіреді.	225

**Қазақстан Республикасының  
аумағында қызметін жүзеге  
асыратын резидент еместердің  
валюта операцияларының  
мониторингін жүзеге асыру  
ережесіне 4-қосымша**

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсандағы  
Банктердегі шоттардағы қаражат қозғалысы туралы есеп

бас компания	филиалының	(өкілдігінің)	атауы
К Ү Ж Ж			к о д ы
БСН (бар болса) шоттың мың валюта бірлігімен			
N п/п	Көрсеткіштің атауы	Ж о л - д ы н коды	Шетелдегі банктердегі шоттар
A	Б	B	USD EUR RUR басқа- лары
1.	Кезең басындағы қалдық	200	
2.	Кезенде түскен қаражат	210	
3.	оның ішінде:		
4.	Резидент еместерден	211	
5.	оның ішінде		
6.	тікелей инвесторлардан қаржылық заемдар	212	
7.	тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді)	213	
8.	Басқалары	214	
9.	Резиденттерден түскені	215	
10.	оның ішінде		
11.	тікелей инвесторлардан қаржылық заемдар	216	
12.	Қазақстан банктерінен қаржылық заемдар	217	
13.	тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) төлеуге	218	
14.	Басқалары	219	
15.	Филиалдың (өкілдіктің) шоттарынан аударылғаны	220	
16.	оның ішінде		
17.	Қазақстан банктеріндегі шоттардан	221	
18.	шетелдегі банктердегі шоттардан	222	
19.	Валюталарды айырбастаудан аударылғаны	223	
20.	оның ішінде		

21.	тенгемен шетел валютасын сатып алудан (сатудан)	224				
22.	басқа шетел валютасына шетел валютасын сатып алудан	225				
23.	Кезеңде жұмсалған қаражат	250				
24.	оның ішінде:					
25.	Резидент еместерге жұмсалғаны	251				
26.	оның ішінде					
27.	тікелей инвесторлардан қаржылық заемдарды өтеуге	252				
28.	тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) төлеуге	253				
29.	Басқасы	254				
30.	Резиденттерге жұмсалғаны	255				
31.	оның ішінде					
32.	тікелей инвесторлардан қаржылық заемдарды өтеуге	256				
33.	Қазақстан банктерінен қаржылық заемдарды өтеуге	257				
34.	тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) төлеуге	258				
35.	Басқасы	259				
36.	Филиалдың (өкілдіктің) шотына аударылғаны	260				
37.	оның ішінде					
38.	Қазақстан банктерінің шоттарына	261				
39.	шетелдегі банктерінің шоттарына	262				
40.	Валюталарды айырбастауға аударылғаны	263				
41.	оның ішінде					
42.	тенгемен шетел валютасын сатып алуға (сатуға)	264				
43.	басқа шетел валютасына шетел валютасын сатып алуға	265				
44.	Кезең соңындағы қалдық	290				

### кестенің жалғасы

N п/п	Қазақстан банктеріндегі шоттар				
	KZT	USD	EUR	RUR	басқалары
A	5	6	7	8	9
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					
7.					

8.					
9.					
10.					
11.					
12.					
13.					
14.					
15.					
16.					
17.	X	X	X	X	X
18.					
19.					
20.					
21.	X				
22.	X				
23.					
24.					
25.					
26.					
27.					
28.					
29.					
30.					
31.					
32.					
33.					
34.					
35.					
36.					
37.					
38.	X	X	X	X	X
39.					
40.					
41.					
42.		X	X	X	X
43.	X				
44.					

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні) \_\_\_\_\_ (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, телефоны)

#### **4-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

Шоттар деп филиалдың (өкілдіктің) Қазақстан банктерінде және шетелдегі банктерде ашылған ағымдағы және жинақ шоттары, сондай-ақ филиалдар (өкілдіктер) жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыру үшін мердігер компаниялар ашқан бірлескен шоттар түсіндірледі.

Қаржылық заемдарға ақша беру туралы сұратулар ("Cash Call Loan") - егер филиалдың (өкілдіктің) қажеттілігі олардың түсімінен асып кеткен жағдайға ақша бөлу туралы сұратуларға заемдар кіреді. (Бас компания жобаларды қаржыландыру үшін пайдаланылатын осындай сұратуларды және оның құрылымдық бөлімшесінің ағымдағы қызметіне (өндіріс қуат көздерін және инфрақұрылым объектілерін салу) ақы төлеу үшін белгіленген (анықталған) мөлшердегі соманды резервтейді.

1-3, 5-8-бағандары тиісінше АҚШ долларымен, Еуромен, Ресей рублімен және теңгемен ашылған шоттар бойынша шот валютасының мың бірлігімен толтырылады.

4, 9-бағандары өзге валюталармен (АҚШ долларынан, Еуродан, Ресей рублінен және теңгеден басқа) ашылған шоттар бойынша мың АҚШ долларымен толтырылады. Бұл ретте операциялар операция жасау күнгі бухгалтерлік есепке алу үшін қабылданған валюта айырбастау бағамы ескеріліп АҚШ долларына аударылады. Кезең соңындағы қалдық кезең соңындағы бухгалтерлік есепке алу үшін қабылданған валюта айырбастау бағамы ескеріліп АҚШ долларына аударылады.

Есепті жасау кезінде мынадай талаптарды орындауды қамтамасыз ету қажет:

1-3, 5-8-бағандар бойынша 200 жол + 210 жол - 250 жол = 290 жол 1-9-бағандар бойынша :

кезең басындағы қалдықтар өткен кезеңнің соңындағы қалдықтармен сәйкес келуі тиіс;

210 жол = 211 жол + 215 жол + 220 жол + 223 жол;

211 жол = 212 жол + 213 жол + 214 жол;

215 жол = 216 жол + 217 жол + 218 жол + 219 жол;

220 жол = 221 жол + 222 жол;

223 жол = 224 жол + 225 жол;

250 жол = 251 жол + 255 жол + 260 жол + 263 жол;

251 жол = 252 жол + 253 жол + 254 жол;

255 жол = 256 жол + 257 жол + 258 жол + 259 жол;  
 260 жол = 261 жол + 262 жол;  
 263 жол = 264 жол + 265 жол.

Қазақстан Республикасының  
аумағында қызметін жүзеге  
асыратын резидент еместердің  
валюта операцияларының  
мониторингін жүзеге асыру  
ережесіне 5-қосымша

**Ескерту. 5-қосымшага өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.**

**Өнім өндіру, тікелей инвесторлардың заемдарын тарту  
және қызмет көрсету туралы болжамдық көрсеткіштер**

---

бас компания филиалының (өкілдігінің) атауы

---

К Ү Ж Ж к о д ы

---

БСН (бар болса)  
мың АҚШ долларымен

P/c N	Көрсеткіштің атауы	Жол- дың коды	Ағым- дағы жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1.	Өнім өндіру (шикі мұнай, газ өндіру және қызмет көрсетуді (жұмысты) орындау	410				
2.	Филиалдың (өкілдіктің) болжанатын таза кірісі	411				
3.	Филиал (өкілдік) және шетелдік тікелей инвесторлар арасындағы қаражаттар ағыны					
4.	Шетелдік тікелей инвесторлардан түсім	420				
5.	оның ішінде қаржы заемдары бойынша	421				
6.	Шетелдік тікелей инвесторларға ақша аудару	422				
7.	оның ішінде қаржы заемдары бойынша	423				
8.	Шетелдік тікелей инвесторлардан қаржы заемдары бойынша сыйақы	424				
9.	Филиал (өкілдік) және Қазақстандық тікелей инвесторлар арасындағы қаражаттар ағыны					
10.	Қазақстандық тікелей инвесторлардан түсім	430				
11.	оның ішінде қаржы заемдары бойынша	431				
12.	Қазақстандық тікелей инвесторларға ақша аудару	432				

13.	оның ішінде қаржы заемдары бойынша	433			
14.	Қазақстандық тікелей инвесторлардан қаржы заемдары бойынша сыйақы	434			

Басшы \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні, телефоны)

200 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

### **5-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

Тікелей инвесторлардан түсімге ақша, жабдық және филиалдың (өкілдіктің) шығындарын тікелей инвесторлардың өзге қаржыландыруы (тікелей инвесторлардың тауарлар (жұмыс, қызмет көрсетулер) үшін ақы төлеуі) кіреді.

Тікелей инвесторлардың ақша аударуына сыйақыны қоса алғанда заемдарды өтеу, сондай-ақ жабдықты тікелей инвесторларға қайтару кіреді.

Тікелей инвесторлар - 3-қосымшада келтірілген анықтауларға сәйкес келеді.  
 Қаржы заемдары - 4-қосымшада келтірілген анықтауларға сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының  
аумағында қызметін жүзеге  
асыратын резидент еместердің  
валюта операцияларының  
мониторингін жүзеге асыру  
ережесіне 6-қосымша

**Ескерту. 6-қосымшага өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Басқармасының 2009.11.30 N 109 Қаулысымен.**

200 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсандағы  
жобасы бойынша  
жобаның атауы

**Өнімді бөлу туралы келісім (бұдан әрі - ӨБК) бойынша  
шығындарды өтеу және пайданы бөлу туралы мәліметтер**

**бас компания филиалының (өкілдігінің) атауы**

**БСН (бар болса)**

**мың АҚШ долларымен**

P/cN	Мердігер компанияның атауы	ӨБК бойынша шығындар		ӨБК бойынша кірістер		Өнімді бөлу - мердігер компанияның улесі	
		Өт е - летін шығын- дар	Өtel - мейтін шығын- дар	Есеп- телген Аплифт	Төленг ен Аплифт	Кост- ойл	Профит- ойл
1. Резидент мердігер компаниялар							
1. Резидент емес мердігер компаниялар							

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(аты-жөні) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, телефоны)

200 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

**6-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

Осы қосымшаны операторлар үсінады  
Көрсеткіштердің анықтаулары:

1. Мердігер компания - мердігер құрамына кіретін ӨБК қатысуышысы
2. Аплифт - шығынның өтелмеген бөлігіне есептелген/төленген пайыз
3. Кост-ойл - өтемдік мұнай-газ шикізаты
4. Профит-ойл - пайда келтіретін мұнай-газ шикізаты